

Абай жолы



**«Абай жолы» - Мұхтар
Әуезовтың әлемге әйгілі
тарихи романдар топтамасы -
қазақтың тұңғыш эпопеясы.**

1-кітабы 1942,

2-сі 1947,

3-сі 1952,

**4-томы 1956 ж. жарыққа
шықты.**

**«Абай жолы» арқылы қазіргі
қазақ прозасы күллі дүние
жүзі әдеби классиканың
шырқау шыңына шықты.**






«Абай жолының» бас кейіпкері - Абай. Біз ақын өмірінің елу жылына айғақ боламыз. Абайдың адам, азамат, ақын ретінде қалыптасуы сол жарты ғасыр ішіндегі қазақ қоғамының барлық саласындағы өмірдің барлық ойықыры, қия-қалтарысымен өріле суреттеледі. Абай арқылы өткен ғасырдың екінші жартысындағы және осы ғасырдың басындағы бүкіл халық тіршілігін, оның көп бұралаң тағдырын, ой-арманын, мақсат-мүддесін, күрестартысын... бәр-бәрін түгел шарлап өтеміз.



Абай бейнесі

Абай бейнесі Алғашқы кітапта адам, азамат ретінде қалыптасқан Абай кейінгі кітаптарда ақын, қайраткер ретінде қиян-қилы қимыл-әрекеттерге көшеді. Осы желінің ұзына бойында оның тарам-тарам өсу, даму жолдары, белес- белес өрістеу, шарықтау биіктері жатыр. Қаһарман іштей түлеп өседі. Демек, рухани мағынасында Абай, бір жағынан, сыр мен сезімнен, ой мен санадан құйылып жасалған терең психологиялық тұлға. Бас кейіпкердің парасат пен философияға толы болмыс- бітіміндегі қайталанбас қадыр-қасиетте осында жатыр. Абай - кең құлашты, мол тынысты эпикалық тұлға.



«Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, шығармалық және қайраткерлік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. «Абай жолы» роман-эпопеясына шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Н.Тихонов, Б. Матип т.б. жоғары баға береді.

Роман-эпопеяда бала Абайдың дана Абайға айналу жолы, көптеген қақтығысты оқиғалармен өкріле отырып, сол дәуірдегі қазақтың өмір-салты түгел дерлік суреттелген деуге болады.

